

ИМПОРТТЫҚ ДӘРІ-ДӘРМЕК ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ МАҚСАТТАҒЫ ЖАБДЫҚТАРҒА ЖӘНЕ ХИМИЯЛЫҚ РЕАКТИВТЕРГЕ БАҒА БЕЛГІЛЕУДІҢ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ

Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ
1994 жылғы 5 мамыр N 480. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1996.03.05. N 280 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "1994 жылға арналған республикалық
бюджет туралы" 1994 жылғы 27 қаңтардағы N 1529 Жарлығына сәйкес Қазақстан
Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. 1994 жылдың 1 қаңтарынан бастап келіп түскен импорттық
медикаменттердің көтерме-босату бағасын белгілеу кедендік рәсімдеу күні
Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі белгілеген шетелдік валюта бағамы
бойынша теңгеге шағып есептелген сыртқы сауда (контракт) бағаларының және "
Фармация" Мемлекеттік акционерлік холдинг компаниясы рентабельділігінің 40
проценттік соларға қатысты шекті деңгеймен алғандағы шығынының негізінде
жүзеге асырылады деп белгіленсін.

Көрсетілген медикаменттерді халыққа және емдеу-профилактикалық
мекемелеріне сату көтерме босату бағасының және тауар айналымы
рентабельділігінің 5 проценттік шекті деңгейімен алғандағы айналыс шығасысы
негізінде айқындалатын бөлшек сауда бағасы бойынша жүзеге асырылсын.

2. Қазақстан Республикасының орталықтандырылған қаражаты мен шетелдік
кредиттер есебінен импорт бойынша сатып алынған дәрі-дәрмектің қалғанына,
аттас немесе ұқсас дәрі-дәрмектің көтерме немесе бөлшек сауда жүйесіне түсуіне
қарай қоса бағалануға тиіс деп белгіленсін.

Қоса бағалаудан алынған сома республикалық бюджет кірісіне жіберіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі